# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2023 жылғы 15 тамыз № 4712-23-00-2/2154 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы М.М.Джумаева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№21 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
Дара кәсіпкер Худайбергенова Салтан

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>**

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№21 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер дара кәсіпкер Худайбергенова Салтанға келтірген мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Худайбергенова Салтан мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Худайбергенова Салтаннан мемлекет пайдасына 12 946 (он екі мың тоғыз жүз қырық алты) теңге 42 тиын тұрақсыздық

айыбын және 2 113 (екі мың бір жүз он үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

**Судья** **М.М.Джумаева**

Документ подписан: Джумаева М. М., 15.08.2023

Дата вступления в законную силу: 22.09.2023, судья Тленов А. Ш., 23.11.2023

4712-23-3-1/2213